

29.04.2026

Статус <u>действующий</u>	с 08.04.2026	Ревизии № 2	СТ 28.0021-24	Стр. 1 из 30
------------------------------	--------------	----------------	---------------	--------------

Инв. № 6982

дата: 06.04.2026

СТАНДАРТ ОРГАНИЗАЦИИ

Акционерное общество «Ульбинский металлургический завод»

Утверждаю

И.о. Директора по качеству

 А.Н. Корчуганов

«19» 03 2026

ПОРЯДОК ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ АО «УМЗ» С ПОДРЯДНЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ

СТ 28.0021-24


(Взамен СТ-28.0021-19)

Срок действия до « 26 » февраля 2029 года


Приказ № 513 от « 01 апреля » 2026 года

Разработал

Директор по технической
подготовке

 В.А. Шотт
«09» 02 2026

Директор по безопасности
производства

 Е.А. Чумин
«25» 02 2026

Директор по безопасности и
режиму

 Г.М. Сейлханов
«09» 01 2026

Усть-Каменогорск

Мәртебесі <u>қолданыстағы</u>	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
--	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

1 Қолданылу аумағы

Осы стандарт «ҮМЗ» АҚ-ның мердігерлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасын жүзеге асырудың бірыңғай тәртібін, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттар (бұдан әрі мәтін бойынша - мердігерлік шарт) жасасу, мердігерлік ұйымдарды «ҮМЗ» АҚ аумағына жіберу, мердігерлік ұйымдардың жабдықтары мен құралдарын әкелу/әкету тәртібін, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстары өндірісінің жобаларын әзірлеу және келісу тәртібін белгілейді.

7-бөлімнен басқа осы стандарттың ережелері мердігерлік жұмыстарды/қызметтерді орындау кезінде қолданылуы мүмкін.

Әлеуетті мердігерлерді «ҮМЗ» АҚ ресми сайтында, «Біз туралы/Корпоративтік басқару/Корпоративтік құжаттар/ Ережелер, нұсқаулықтар» парақшасында орналастырылған осы стандартпен таныстыруды тендерлік құжаттамамен танысу сатысында жүзеге асырады. Мердігерлік ұйымның басшысы мердігерлік шартты орындау кезінде осы стандарт талаптарының сақталуына жауапкершілікті өзіне алады.

1-бөлім (Өзгертілген редакция, № 1 тексеріс)

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың көрсетілген басылымы ғана қолданылады, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы қолданылады (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда).

2.1 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының еңбек кодексі.

2.2 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2.3 ҚР ҚН 1.03-05-2011 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

2.4 ҚР ҚЖ 1.03-106-2012 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

2.5 ҰАК СТ 5.0.1-2024 Өндірістік қауіпсіздік стандарттарының жүйесі. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар.

2.6 ҰАК СТ 5.0.6-2023 Өндірістік қауіпсіздікті басқарудың бірыңғай жүйесі.

2.7 ҚР ҚН 1.03-00 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстар салуды ұйымдастыру.

2.8 18 24 ЕҚ және ӨҚ нұсқаулығы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік қауіпсіздігінің жай-күйі туралы есептің еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі бөлімін қалыптастыру тәртібі.

2.9 «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 20 шешімімен бекітілген «ҮМЗ» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты.

2.10 СТ 14.0003 Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі. Тәуекелдерді бағалау.

2.11 СТ 20.0007 Терминдер мен белгілер.

2.12 И 19.0008 ҚБП «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ өткізу режимі туралы нұсқаулық

2.13 ИП 14.0010 Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және өзектендіру тәртібі.

2.14 ИП 14.0025 ҚОМЖ және ДСжәнеЕҚҚМЖ талаптарын «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыс істейтін ұйымдардың назарына жеткізу тәртібі.

2.15 ИП 16.0001 «ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінде негізгі құралдарды жөндеуге арналған шығындарды есепке алу тәртібі»

2.16 ИП 18.0008 Келісімшарттарды (шарттарды) есепке алу, айналысқа жіберу және сақтау тәртібі.

Мәртебесі қолданыстағы	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
---	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

2.17 ИП 18.0023 «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ делегацияларды дайындау және қабылдау тәртібі.

2.18 ИП 19.0003 «ҮМЗ» АҚ күзетілетін периметрінің БӨП арқылы мүлікті алып өту, өткізу тәртібі

2.19 ИП 19.0010 «ҮМЗ» АҚ мемлекеттік күзетуге жатпайтын объектілерінде өткізу режимін жүзеге асыру тәртібі.

2.20 ИП 32.0005 «ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінің шикізатты, материалдарды, реагенттерді, жабдықтарды, энергия тасығыштарды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы.

2.21 ӨҚДҚ БҚ № 14.006 «ҮМЗ» АҚ-да от жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі.

2.22 ӨҚЖЕҚБ БҚ № 14.024 «ҮМЗ» АҚ-да қауіптілігі жоғары жұмыстарды ұйымдастыру және қауіпсіз жүргізу тәртібі.

2.23 ӨҚДҚ БҚ № 14.026 Өрт қауіпсіздігі саласында оқытуды ұйымдастыру, жүргізу және персоналды дербес жұмысқа жіберу тәртібі.

1, 2-бөлімдер (**Өзгертілген редакция, № 1 тексеріс**)

3 Белгілер, қысқартулар

Осы стандартта СТ 20.0007-ға сәйкес терминдер мен қысқартулар, «ҮМЗ» АҚ-ның басқару құрылымына сәйкес қысқартулар, сондай-ақ анықтамасы бар келесі термин және келесі қысқартулар қолданылады:

3.1 **Ремедиация:** Экологиялық залал келтірілген табиғи орта компонентін қалпына келтіру, ұдайы толықтыру арқылы экологиялық залалды жою жөніндегі іс-шаралар кешені, немесе егер экологиялық залал толық немесе ішінара орны толтырылмайтын болса, табиғи ортаның мұндай компонентін ауыстыру.

3.2 **ЕҚЖЕҚ:** Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.

3.3 **СҚ:** Сұйық қалдықтар.

3.4 **Тапсырыс беруші:** «ҮМЗ» АҚ.

3.5 **ОО:** Оқыс оқиға.

3.6 **БӨП:** Бақылау-өткізу пункті.

3.7 **ҚЖ:** Экологиялық аспектілердің пайда болуының қалыпты жағдайлары.

3.8 **НҚЖЖБ:** Негізгі құрылыс және қайта жаңарту бөлімі.

3.9 **ҚОҚ:** Қоршаған ортаны қорғау.

3.10 **ӨҚЖЕҚБ:** Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі.

3.11 **КҚЖКБ:** Күштеп қорғау және күзету бөлімі.

3.12 **ҚТА:** Қауіпсіздіктің тәртіптік аудиті.

3.13 **ШҮБ:** «ҮМЗ» АҚ бөлімшесі, жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету шарттарын ұстаушы.

3.14 **ЖҚТБ:** «ҮМЗ» АҚ бөлімшесі, жұмыстарға/қызметтерге тапсырыс беруші.

3.15 **ӨҚБ БК:** «Өндірістік қауіпсіздікті басқару» бағдарламалық кешені.

3.16 **Мердігер:** Мердігерлік шарт және (немесе) мемлекеттік келісімшарт бойынша жұмыстарды немесе қызметтерді орындайтын жеке немесе заңды тұлға.

3.17 **ЖӨЖ:** Жұмыс өндірісінің жобасы.

3.18 **ӨнҚ:** Өнеркәсіптік қауіпсіздік.

3.19 **ӨҚ:** Өрт қауіпсіздігі.

3.20 **Өндірістік қауіпсіздік:** ӨҚ, ӨнҚ, ҚОҚ, ЕҚЖЕҚ, РҚ.

3.21 **РҚ:** радиациялық қауіпсіздік.

3.22 **ҚЖЖ:** Қауіптілігі жоғары жұмыстар.

3.23 **ЖҚҚ:** Жеке қорғану құралдары.

3.24 **ҚМЖ:** Құрылыс-монтаж жұмыстары.

Мәртебесі <u>қолданыстағы</u>	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
--	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

3.25 **Қосалқы мердігер:** Салынып жатқан объектіде құрылыс, арнайы құрылыс, жөндеу, монтаждау жұмыстарының жекелеген түрлерін орындау үшін бас мердігер шарттық талаптармен тартатын мамандандырылған мердігер ұйым.

3.26 **Қатты қалдық:** Қатты қалдықтар.

4 Мердігерді таңдау

Тапсырыс берушінің нақты объектісінде жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету үшін Мердігерді таңдау «ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінің өтінімдеріне, ИП 32.0005 сәйкес жүзеге асырылады.

1-4 бөлімдер (Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

5 Шартқа қойылатын талаптар

5.1 Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы өндірістік қауіпсіздік саласындағы өзара қарым-қатынасы жұмыстарды орындауға (қызметтер көрсетуге) арналған шартқа тиісті бөлімді немесе қосымшаны енгізу жолымен белгіленуі тиіс.

Мердігерлік жұмыстарды орындауға арналған шарттың мәтінінде мынадай мазмұндағы тармақтар болуы тиіс:

а) «Мердігерлік ұйым Тапсырыс берушінің аумағында жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде ИП 14.0025-те мазмұндалған «ҮМЗ» АҚ денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің, қоршаған орта менеджменті жүйесінің талаптарын сақтауға жауапты болады».

б) «Радиациялық қауіпті объектінің аумағында жұмыстарды орындайтын мердігер ұйым атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензияларды уақтылы жаңартуға тиіс. Лицензияның қолданылуы аяқталған жағдайда Мердігер ұйым осы жұмыстарды орындай алмайды. Тапсырыс беруші атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензияны қайтарып алған/қолданылу мерзімі өткен жағдайда Мердігерлік ұйымның жұмыстарды орындауын тоқтата тұруға құқылы».

в) «Мердігер ұйым құрылысты ұйымдастыру кезінде өз қызметінде Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарының (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, ҚР ҚН және ҚР ЖК) талаптарын және процестер қауіпсіздігінің басымдығы, жұмыскерлердің денсаулығы мен өмірін сақтау, Қазақстан Республикасының өндірістік қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарын орындау қағидаттарын басшылыққа алуға тиіс».

г) «Мердігерлік ұйым Тапсырыс берушінің аумағы мен объектілерінде жұмыс істеу кезінде жарақаттануға жол бермеу және Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау жөнінде міндеттемелер қабылдауға тиіс».

д) «Мердігер ұйым өз қызметін уәкілетті мемлекеттік органдар беретін заңнамада көзделген барлық рұқсат беру құжаттары (лицензиялар, сертификаттар, рұқсат беру туралы куәліктер, келісулер және т.б.) болған кезде жүзеге асыруға тиіс».

е) «Мердігерлік ұйым қолданыстағы радиациялық қауіпті объектіде немесе салынып жатқан радиациялық қауіпті объектіде қызметтерді немесе жұмыстарды жүзеге асыру кезінде радиациялық қауіпті объектіде іске қосылғаннан кейін ақауларды жою жөніндегі кепілдік міндеттемелер болған жағдайда «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласында тиісті лицензиялары болуға міндетті»

ж) «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыстарды орындайтын/қызметтер көрсететін мердігер ұйымның олар еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде қолданыстағы жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты болуы тиіс.

Мердігерлік шартын жасасуға жауапты бөлімше ҰАК СТ 5.0.1-2024 6.8 талаптарын ескере отырып, Мердігер персоналының құзыреттілігіне қойылатын талаптарды ескеруі тиіс.

Мәртебесі <u>қолданыстағы</u>	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
--	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

Мердігерлік жұмыстарды орындауға арналған шарт қамтиды:

а) ҰАК СТ 6.3.1-2024 6.3.1, 6.9, 6.10 сәйкес Мердігердің міндеттері мен құқықтары, ҰАК СТ 5.0.1-2024 6.3.5 сәйкес Тапсырыс берушінің құқықтары, сондай-ақ ҰАК СТ 5.0.1-2024 8-бөлімінің талаптары

б) ҰАК СТ 5.0.6-2023 Н қосымшасына сәйкес ресімделген «Мердігерлік ұйымдардағы өндірістік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы мәліметтер» есебін есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейін беру туралы Мердігердің міндеттемелері.

(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс).

5.2 Шарттардың және оларға қосымша келісімдердің түпнұсқаларын, электрондық шарттардың қағаз көшірмелерін есепке алу, айналымы және сақтау тәртібі, сондай-ақ ИП 18.0008 сәйкес электрондық шарттармен жұмыс істеу тәртібі.

5.1, 5.2 (Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс).

5.3 Мердігерлік шарт жасасуға жауапты бөлімше мердігерлік шартқа қол қойылғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей оның жасалғаны туралы хабарламаны ЖТБ-ға жібереді. Мердігермен шарт жасалғандығы туралы ақпаратты ШҰБ (шартты ұстаушы-бөлімше) ӨҚБ БК – ға (ұйымның атауы, жұмыстар жүзеге асырылатын «ҮМЗ» АҚ бөлімшесі, шарттың мәні және оның нөмірі, шарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету мерзімі) енгізеді.

Шарт бойынша ҚМЖ орындау мерзімі аяқталған, ал жұмыстар жалғасатын және/немесе қосымша келісім жасалған жағдайда, онда шарттың ұстаушы бөлімшесі ӨҚБ БК-ға тиісті өзгерістер енгізеді.

(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс).

6 «ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына Мердігерді және қосалқы мердігерді жіберуді ресімдеу тәртібі

Мердігердің персоналын «ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумаққа жіберуді ресімдеу тәртібі А қосымшасында мазмұндалған. Мердігер қосалқы мердігерді жұмысқа тартқан жағдайда, оның персоналына рұқсат беруге Мердігер бастамашылық етеді және бақылайды.

6-бөлім (Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс).

7 ҚМЖ және ғимараттар мен құрылыстарды ағымдағы жөндеуді ұйымдастыру жөніндегі құжаттама

7.1 Ғимараттар мен құрылыстардың ҚМЖ басталғанға дейін Мердігер ШҰБ-дан бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың екі жиынтығын және құрылыс өндірісін ұйымдастыру жөніндегі нормативтік техникалық құжаттармен регламенттелген құрылыс үшін қажетті басқа да құжаттарды алады. Жобалау-сметалық құжаттама «Жобаға сәйкес орындалды» деген белгімен, Мердігер басшысының (не Мердігердің тағайындаған жауапты адамы) қолымен және күнімен ҚМЖ аяқталғаннан кейін ШҰБ-қа қайтарылуға жатады.

7.2-7.4 (Алынып тасталды, № 2 Тексеріс)

7.5 СМЖ немесе ғимараттар мен құрылыстарды ағымдағы жөндеу басталғанға дейін Мердігер ЖӨЖ әзірлейді. Мердігер қосалқы мердігер ұйымды тартқан жағдайда жұмыстар Мердігер әзірлеген ЖӨЖ-ге сәйкес орындалады.

7.6 Келісілген және бекітілген ЖӨЖ-сыз ҚМЖ немесе ағымдағы жөндеуді жүзеге асыруға тыйым салынады.

7.7 ЖӨЖ «Жұмыс өндірісі жобасының типтік үлгітүріне»¹ сәйкес әзірлеу ұсынылады. ЖӨЖ құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 1.03-00 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

7.8 ЖӨЖ әзірлеуді Мердігер жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге арналған шартта белгіленген мерзімде жүзеге асырады және оны ШҰБ-мен келісу үшін электрондық пошта арқылы (MS Word форматында) жібереді. ЖӨЖ ұсыну мерзімі кіріс құжатының «ҮМЗ» АҚ-да тіркелген күні болып саналады.

¹ «ҮМЗ» АҚ ресми сайтында «Корпоративтік басқару» парағы «Корпоративтік құжаттар» - «Басқа» бөлімінде орналастырылған.

Мәртебесі <u>қолданыстағы</u>	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
--	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

7.9 ЖӨЖ келісу алдында:

а) ЖТББ өтінімі бойынша ШҰБ «ҮМЗ» АҚ өнеркәсіптік алаңының күзетілетін аумағы бойынша көлік пен Мердігер жұмыскерлерінің қозғалысының маршруттық схемасын (бұдан әрі - қозғалыс схемасы) әзірлейді, оны АҚБ-мен келіседі және ЖӨЖ-ге қосымша үшін Мердігерге береді.

б) ЖТББ басшысы Мердігердің басшысымен бірлесіп, әрбір тарап үшін екі данада ӨҚ-ны қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлейді (жұмыстарды орындаудың бүкіл кезеңіне ЖӨЖ-дің ажырамас бөлігі болып табылатын іс-шаралардың көшірмесі ЖӨЖ-ге қоса беріледі). Мердігердің басшысы өкімдік құжатпен олардың орындалуына жауапты адамды тағайындайды және оны ЖӨЖ-де көрсетеді.

7.10 ЖӨЖ келісуді электрондық пошта көмегімен электронды түрде келістірудің әрбір кезегі бойынша екі жұмыс күнінен аспайтын келесі тәртіппен жүргізеді:

а) бірінші кезекте келісуді ШҰБ жауапты орындаушысы жүзеге асырады, ол орындалатын жұмыстардың көрсетілген технологиялық операцияларының толықтығын, жекелеген операцияларға арналған құрылыс бас жоспарының және/немесе технологиялық карталарының болуын (қажет болған жағдайда), жұмысшылардың сандық және кәсіби құрамын, жұмыс өндірісі үшін қажетті техниканың, жүк көтергіш механизмдердің, жабдықтардың, мүкәммалдың, айлабұйымдардың толықтығын тексереді;

б) екінші кезекте келісуді ЖТББ басшысы (БӨ, ТӨ, УӨ үшін - директордың техникалық даярлық жөніндегі орынбасары не тиістілігі бойынша цех бастығы) және ЕҚ және ҚОҚ қызметінің басшысы/маманы жүзеге асырады, олар тексереді:

- бөлімшеде тұрмыстық мақсаттағы орындардың, сондай-ақ тапсырыс беруші бөлімшеге бекітілген аумақта тұрмыстық вагондарды орналастыру және қосу орындарының болуы;

- жабдықты, құрал-сайманды, мүкәммалды, материалдарды орналастыру орындарының болуы;

- құрылыс қоқыстарын, металл сынықтарын уақытша жинау алаңдарының (орындарының) болуы;

- қажетті қуаттағы жабдықтарды қосу нүктелерінің болуы;

- еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бойынша көрсетілген шаралардың толықтығы. Қажет болған жағдайда ЖӨЖ жұмыстарға тапсырыс беруші бөлімшенің қызметі әкелетін қауіптер мен тәуекелдерді ескере отырып түзетіледі;

- жұмыстарды орындау кестесі;

- бөлімшеде белгіленген өртке қарсы режим шараларының толық сақталуы;

в) үшінші кезекте келісуді КҚКБ бастығы жүзеге асырады, ол Мердігерге өткізу режимін сақтау жөніндегі талаптардың және «ҮМЗ» АҚ мүлкіне қатысты санкцияланбаған іс-әрекеттерді болдырмау жөніндегі шаралардың толықтығы мен жеткіліктілігін тексереді;

г) төртінші кезекте келісуді өндіріс қауіпсіздігі жөніндегі директор жүзеге асырады, ол ҚОҚ, ЕҚжЕК, ӨнК, ӨҚ (бөлімшеде от жұмыстарын жүргізу шарттарын қоса алғанда) бойынша көрсетілген шаралардың толықтығын, өрт-техникалық минимумынан өткен мердігер ұйым персоналының болуын, сондай-ақ өртке қарсы іс-шаралар мен жауапты адамдарды тағайындау туралы бұйрықтарды тексереді.

7.11 ЖТББ басшысы (БӨ, ТӨ, УӨ-де - директордың техникалық даярлық жөніндегі орынбасары не цех бастығы тиесілігі бойынша) бөлімшеде Мердігердің жұмыс өндірісі кезінде өткізу режимі, өндірістік және өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылау үшін жауапты адамдарды тағайындау туралы бұйрық шығаруды ұйымдастырады. Бұйрықтың көшірмесі Мердігерге беріледі.

7.12 Ескертулер келісілетін құжаттың барлық көлеміне келісудің әрбір кезегі бойынша бір рет беріледі. Мердігер ескертулерді жою уақытын қысқарту үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті. Ескертулерді жою ұзақтығы Мердігердің жауапкершілігі саласында болады.

Мәртебесі <u>қолданыстағы</u>	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
--	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

Ескертулер/ұсыныстар бойынша пысықталған ЖӨЖ ұсынылғаннан кейін келісуші тұлғалар олардың жойылуын тексереді және ЖӨЖ-ді келіседі.

7.13 Келісілген және бекітілген ЖӨЖ-ді Мердігер екі данада ресімдейді: біреуі Мердігерде қалады және жұмыстар жүргізілетін жерде болады, екіншісі ШҰБ-қа ілеспе хатпен және Мердігер жұмыскерлерінің осы стандарттың А қосымшасымен танысу парағымен бірге жіберіледі.

7.14 Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын талап ететін жобаларды іске асыру кезінде ҚМЖ өндірісі басталғанға дейін ШҰБ Мердігерге жұмыстар кешенінің орындалуын ұйымдастыру мен жалпы бақылауға, техникалық қадағалауға, авторлық қадағалауға жауапты адамдарды тағайындау туралы хабарлайды және оған ҚМЖ өндірісінің басталғаны туралы хабарламаның және оның қабылданғаны туралы талонның көшірмесін жібереді.

7.5-7.14 (Толықтырылып енгізілді, № 2 тексеріс)

7-бөлім (Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс).

8 Мердігерді жұмыс өндірісіне жіберу. Нұсқамалық.

8.1 ӨҚДҚ Мердігер/қосалқы мердігер персоналы үшін СТ 14.0028 сәйкес кіріспе нұсқамалық жүргізеді және бұл туралы ақпаратты ӨҚБ БК-ға енгізеді.

Нұсқамалық өткізілгеннен кейін Мердігердің/ қосалқы мердігердің қызметкерлеріне «Кіріспе нұсқамалықтан өткені туралы анықтама» (Б қосымшасы) беріледі. Бұл анықтаманы Мердігер/ қосалқы мердігер қызметкерлері ҚҚО өткізу бюросына береді. «Кіріспе нұсқамалықтан өткені туралы анықтаманы» ұсынбаса Мердігер/ қосалқы мердігер персоналына рұқсатнама беруге жол берілмейді.

8.2 Мердігерлік жұмыстар басталғанға дейін бұйрықпен тағайындалған және өндірістік қызметі ғимараттарды, құрылыстарды немесе жеке үй-жайларды пайдаланумен тікелей байланысты болатын не тікелей байланысты ғимараттар мен құрылыстардың сақталуына, сондай-ақ осы жұмыстарды орындау аймақтары болып табылатын бекітілген аумақтарды күтіп-ұстауға және тазалауға жауапты өндірістердің/бөлімшелердің/жалға алушының басшылары мен мамандары бастапқы нұсқамалық жүргізіп және Мердігер/ қосалқы мердігер персоналын танысу парағына (В қосымшасы бойынша парақтың нысаны) қол қойып, келесілермен танысқандығы туралы деректерді ӨҚБ БК-ға (қосалқы мердігер персоналынан басқасы) енгізуі тиіс:

- осы стандартпен;
- ИП 14.0025 сәйкес, Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс істейтін ұйымдарға қойылатын ҚОМЖ және ДС және ЕҚҚМЖ талаптарымен;
- «ҮМЗ» АҚ басшылығының саясатымен, сондай-ақ «ҮМЗ» АҚ басшылығының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы саясатымен;
- жұмыстарды орындау аймағындағы бөлімшенің тәуекел карталарымен және мердігер ұйым әкелетін тәуекел карталарымен;
- олардың қызметінің ықтимал экологиялық аспектілерімен;
- апатты жою жоспарымен (бөлімшеде болған жағдайда).

Жаңа немесе қайта өңделген қауіпсіздік нормаларын, қағидаларды, ЕҚЖЕҚ және ӨнК жөніндегі нұсқаулықтарды қолданысқа енгізу кезінде олар бойынша Мердігердің/қосалқы мердігердің барлық қызметкерлерімен жоспардан тыс нұсқама жүргізіледі.

Мердігердің/ қосалқы мердігердің персоналының танысу парағын рұқсат-актісімен (рұқсат-нарядымен) бірге сақтау керек.

8.1, 8.2 (Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс).

8.3 Жұмыстарды жүргізуге арналған аумақты, ғимараттар мен құрылыстарды (не олардың бөліктерін немесе жекелеген учаскелерін) Мердігерге РД ОПБиОТ № 14.024-ке сәйкес ресімделген рұқсат-актіге немесе рұқсат-нарядқа сәйкес береді. Рұқсат-акт (рұқсат-наряд) онда көрсетілген объектіде ҚМЖ өндіруге рұқсат болып табылады.

ЖТБ бөлімше Мердігер жұмысының басталуы туралы деректерді ӨҚБ БК-ға енгізеді (жұмыстың басталу күні, «Мердігерлік ұйымдар» қойындысындағы рұқсат-акт/рұқсат-наряд).

Мәртебесі <u>қолданыстағы</u>	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
--	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

Алғашқы рәсімделген рұқсат-актіге/наряд-рұқсаттың күні болып нақты жұмыстар басталған күн есептеледі.

8.4 Жұмыстар басталғанға дейін ғимараттар, құрылыстар (немесе олардың жекелеген бөліктері мен үй-жайлары) бекітіліп берілген өндіріс/бөлімше/жалға алушы басшысы ҚМЖ немесе ағымдағы жөндеу жүзеге асырылатын ғимараттар мен құрылыстарда үш жұмыс күні ішінде Мердігер/қосалқы мердігер жұмыскерлерінің ӨнҚ (Өндірістік қауіпсіздік) талаптарын және «ҮМЗ» АҚ өткізу және нысанішілік режим талаптарын орындауын бақылайтын тұлғаны өкімдік құжатпен тағайындайды.

Бөлімше бойынша от жұмыстарын ұйымдастыруға жауапты бұйрықпен тағайындалған адам Мердігер/қосалқы мердігер персоналына ӨҚДҚ БҚ № 14.006 және ӨҚДҚ БҚ № 14.026 сәйкес өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама жүргізеді.

8.3, 8.4 (Өзгертілген редакция, №1 Тексеріс)

8.5 Бөлімше басшысы ҚМЖ жүзеге асырылатын үй-жайда немесе аумақта Мердігердің/қосалқы мердігердің дәнекерлеу және басқа да от жұмыстарын жүргізуге жіберілген жұмыскерлерінен қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындауға наряд-рұқсаттың болуын, от жұмыстарын жүргізуге рұқсаттың болуын, біліктілік куәлігін (дәнекерлеушілер үшін), өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі саласындағы білімін тексеру жөніндегі куәлігін тексеруге міндетті.

Сондай-ақ, бөлімше басшысы ҚМЖ жүзеге асырылатын үй-жайда немесе аумақта Мердігердің/қосалқы мердігердің жұмыскерлерінен ӨнҚ және ҚЖЕҚ саласындағы қолданыстағы куәліктердің бар-жоғын тексеруге және қажет болған жағдайда Мердігерден білімді тексеру хаттамаларын сұратуға міндетті.

8.6 ЖТБ басшысы Мердігердің/қосалқы мердігердің басшысын еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарды орындау кезінде ЖҚҚ-ға қойылатын талаптармен таныстыруы тиіс. Мердігердің басшысы бағынышты персоналды ЖҚҚ-мен және ауыспалы киім және аяқ киім жиынтығымен, сондай-ақ қажет болған жағдайда қолданыстағы өндіріске байланысты қауіпті және зиянды өндірістік факторлардан ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге тиіс. Үй-жайында немесе аумағында зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларда жұмыстар жүзеге асырылған кезде, Мердігер бөлімше басшысымен бірлесіп Мердігер персоналын ЖҚҚ-мен және осы жағдайларда жұмыс істеу үшін ауыстырылатын киім мен аяқ киім жиынтығымен қамтамасыз етеді.

(Өзгертілген редакция, №1 Тексеріс)

8.7 Егер жұмыстарды орындау аймағында жоспарланған өзгерістер (жұмыстарды жүргізу технологиясын өзгерту, жабдықтарды жаңғырту, қызметтің жаңа түрлерін игеру және т.б.) жаңа қауіптер әкелсе, онда бөлімше басшысы (немесе оның өкілі) жоспарланған өзгерістерді Мердігер және қосалқы мердігер өкілімен уақтылы талқылап, жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауы тиіс.

8.8 Бөлімшеге бекітілген аумақта жер жұмыстарын жүргізген жағдайда, рұқсат-актісіне (рұқсат-нарядқа) қосымша ЖТБ Мердігердің/қосалқы мердігердің өкіліне ӨҚЖЕҚБ БҚ № 14.024 сәйкес рәсімделген жер жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты береді. Рұқсат желілердің нақты орналасқан жерін (немесе олардың жоқтығын) анықтағаннан кейін және желілер иесінің өту жолын (сигналдық лентамен, белгілермен, қадалармен, қоршаулармен және т.б.), сондай-ақ алдағы жер жұмыстарын жүргізу орнынан әр жағынан 15 м қашықтықта өтетін желілерді белгілегеннен кейін тікелей беріледі.

Жер жұмыстарына рұқсатқа міндетті түрде жер жұмыстарының шекараларын және осы ауданда жерасты құрылыстары мен коммуникацияларының (байланыс желілері, энергиямен жабдықтау желілері, су өткізгіштер, ауа құбырлары, кәріз желілері-Энергетикалық орталық; объектіні физикалық қорғау желілері-КҚКБ, коммуникациялар желілері-ЖТБ бөлімшелері) болуын нақты көрсете отырып «ҮМЗ» АҚ бас жоспарынан көшірме қоса беріледі.

8.4-8.8 (Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

Мәртебесі <u>қолданыстағы</u>	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
--	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

8.9 Шартты ұстаушы - бөлімше пайдалануға беру актісіне (орындалған жұмыстар актісіне) қол қойылғаннан және шарт бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей ӨҚБ БК-ға тиісті мәліметтерді енгізеді («Мердігер ұйымдары» қосындысында «Мердігер жұмыстарының аяқталғаны туралы хабарлама»).

8.10 ЖТББ аумағында ҚЖЖ жүргізу кезінде № 14.024 ӨҚЖЕКБ БҚ-ға сәйкес Мердігердің/қосалқы мердігердің персоналына рұқсат-акті/наряд-рұқсат ресімделеді.

(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

9 «ҮМЗ» АҚ және Мердігердің жұмыскерлерінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы жауапкершілігі

9.1 Мердігер басшысы жауапты:

- а) ЖЖЖ - да өндірістік қауіпсіздік талаптарын әзірлеудің толықтығы мен сапасы;
- б) өз персоналының және қосалқы мердігерлік ұйым персоналының өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауы;
- в) өз персоналының және қосалқы мердігерлік ұйым персоналының күзетілетін аумақ бойынша (БӨП-тен жұмыс жүргізу орнына дейін және кері қарай) өткізу кезінде өткізу және нысанішілік режим талаптарын сақтауы;
- г) ЖӨЖ-мен көзделген өртке қарсы іс-шараларды, ЕҚЖЕК, ҚОҚ, ӨнҚ, РҚ бойынша іс-шараларды орындау, өз персоналын өрт сөндіру құралдарымен, ЖҚҚ қамтамасыз ету;
- д) рұқсат-актісі (рұқсат-наряды) бойынша Мердігерге/қосалқы мердігерге берілген (жіберілген) учаскелерде ҚМЖ орындау кезінде өз персоналының және қосалқы мердігерлік ұйым персоналының ЕҚЖЕК, ӨнҚ, РҚ талаптарын сақтауын бақылау. Рұқсат-актісінде (рұқсат-нарядта) көзделген ЕҚЖЕК, ӨнҚ, РҚ бойынша іс-шаралар орындалмаған жағдайда, осы құжатта орындаушылар көрсеткен Мердігердің/қосалқы мердігердің лауазымды адамдары жауапкершілік танытады.
- е) жұмыстарды жүргізу кезеңінде де, сол сияқты демалыс кезеңінде де радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ЖТБ радиациялық қауіпті объектісінің аумағында жұмыстарды орындау, көрсетілген шаралар бас физик қызметімен келісілуге тиіс;
- ж) экологиялық залал келтіру және ҚР табиғи орта компоненттерін ремедиациялау жөніндегі белгіленген заңнамалық талаптарын орындамау;
- и) жазатайым оқиғалар мен апаттардың себептерін және олардың алдын алу тәсілдерін айқындау үшін оларға тергеу жүргізу бөлігінде Кодекстің 2.1 талаптарын орындамау;
- к) ҚР СТ 12.0.003-2010 сәйкес оқиғаларды тексеру және есепке алу, жұмыс орындарында аудит жүргізу, қауіпті өндірістік объектілерде өндірістік бақылау жүргізу.

9.2 Үй-жайларында немесе аумағында ҚМЖ жүргізілетін Тапсырыс беруші бөлімшелерінің басшылары жауапты:

- а) Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс істейтін Мердігердің/қосалқы мердігердің Өндірістік қауіпсіздік талаптарын орындауын бақылау.
- б) Мердігер/ қосалқы мердігер жұмыскерлерінің өткізу және объектішілік режим талаптарын сақтауы (А қосымшасын қараңыз). Осы талаптардың сақталуын бақылауды Тапсырыс берушінің бөлімшесі басшысының өкімдік құжатымен тағайындалған адамдар жүзеге асырады, оның көшірмесін КҚКБ-ға жібереді;
- в) оқу дабылын немесе апатқа қарсы жаттығуларды жүргізу кезінде Тапсырыс берушінің бөлімшесі басшысының талаптарын мүлтіксіз орындауға тиіс Мердігердің/ қосалқы мердігердің персоналын қатысуға тарту.

9.1, 9.2 (Өзгертілген редакция, № 1 тексеріс)

9.3 Ғимараттар мен құрылыстардағы ҚМЖ немесе ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындау мерзімдері мен сапасын бақылауды НҚЖЖБ күрделі құрылысы және күрделі жөндеу жөніндегі техникалық қадағалау бюросы жүзеге асырады.

9.1-9.3 (Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

Мәртебесі <u>қолданыстағы</u>	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
--	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

9.4 Өндірістік қауіпсіздік ережелері мен талаптарын бұзғаны үшін кінәлі адамдар бұзушылықтардың сипатына және олардың салдарына байланысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

9.5 СН РК 1.03-05-2011 (5.1.3-тармақ) сәйкес, машиналарды, қол электр және пневматикалық машиналарды, технологиялық жарақтарды пайдалану кезінде ҚЖЕҚ талаптарының сақталуына жауапкершілік жүктеледі:

- олардың техникалық жай-күйі үшін – олар балансында тұрған ұйымға, ал уақытша пайдалануға (жалға) беру кезінде - шартта айқындалған ұйымның басшысына;

- жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарын қамтамасыз еткені үшін – жұмыстарды орындайтын ұйымдарға.

9.6 ҚМЖ өндірісінде Мердігерлер/қосалқы мердігерлер пайдаланатын электр қондырғылары мен электр жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптары бұзылған жағдайда, тараптардың теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін ажырату актісіне сәйкес Мердігер мен Тапсырыс беруші жауапты болады.

9.7 Мердігер/ қосалқы мердігер персоналы тарапынан өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде Тапсырыс беруші бөлімшесінің жауапты өкілі бұзушылық толық жойылғанға дейін СТОП-картаны ресімдеумен (ӨҚБ БК-де тіркеумен) жұмыстар жүргізуді тоқтатуға құқылы.

9.6-9.7 (Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

10 «ҮМЗ» АҚ-да мердігерлік жұмыстарды жүргізу кезінде экологиялық аспектілерді сәйкестендіру тәртібі

10.1 «Басқа ұйымдармен «ҮМЗ» АҚ үшін орындайтын негізгі жұмыс/қызмет түрлерінің тізбесі» (бұдан әрі – тізбе) және осы жұмыстарды орындау кезінде туындауы мүмкін экологиялық аспектілер сәйкесінше Г және Д қосымшаларында берілген.

(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

10.2 Аумағында немесе үй-жайында Мердігердің күшімен жұмыстарды жүргізу жоспарланып отырған «ҮМЗ» АҚ бөлімшесі жұмыстар тізбесінің толық (10.1 қараңыз) болуына талдау жасауға және ИП 14.0010 сәйкес осы жұмыстарды орындау кезінде туындайтын экологиялық аспектілердің маңыздылығын бағалауға тиіс. Экологиялық аспектілердің маңыздылығын бағалау парағын ресімдеу үлгісі Е қосымшасында берілген.

10.3 Тізбеге енбеген жұмыстарды орындау қажет болған жағдайда, ЖТБ бөлімше осы жұмыстармен байланысты экологиялық аспектілерді сәйкестендіруге және олардың маңыздылығын бағалауды жүргізуге тиіс.

10.4 Аумағында немесе үй-жайында оны қамтитын жұмыстарды жүзеге асыру жоспарланатын ЖТБ бөлімшенің елеулі экологиялық аспектісін сәйкестендіру кезінде Мердігермен шарттық қатынастар жасасуға жауапты Тапсырыс берушінің бөлімшесін жазбаша хабардар етуге және талаптарды белгілеуге тиіс:

- елеулі экологиялық аспектімен байланысты жұмыстарды орындайтын Мердігер/қосалқы мердігер персоналының құзыреттілік деңгейіне;

- Мердігердің/қосалқы мердігердің елеулі экологиялық аспектімен байланысты жұмыстарды орындайтын персоналдың құзыреттілігінің тиісті деңгейін растауына және тиісті жазбаларды сақтауына талаптар қоюға тиіс.

(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

11 «ҮМЗ» АҚ-да мердігерлік жұмыстарды жүргізу кезінде қауіптіліктерді сәйкестендіру және ДСЖЕҚҚМЖ тәуекелдерін бағалау тәртібі

11.1 Мердігерлік жұмыстарды орындау аймақтары болып табылатын ғимараттар мен құрылыстар (не аумақтар бекітілген) теңгерімінде тұрған бөлімшенің басшысы тәуекелдерді

Мәртебесі <u>қолданыстағы</u>	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
--	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

бағалау жөніндегі бөлімшенің жұмыс тобына жұмыстарды орындау басталғанға дейін мердігердің өкілімен бірлесіп мердігер енгізетін тәуекелдерді бағалауды жүргізуге және СТ 14.0003 бойынша тәуекелдер карталарын ресімдеуге нұсқау береді.

11.2 Мердігер енгізетін тәуекелдер картасымен ЖТБ персоналын таныстыру СТ 14.0003 сәйкес жүргізіледі.

11.3 Қажет болса, бөлімшенің жұмыс тобының өкілдері Мердігер өкіліне «ҮМЗ» АҚ-да қолданыстағы ДСЖЕҚҚМЖ барлық мәселелері бойынша кеңес береді.

12 Мердігердің өндірістік қауіпсіздік саласындағы есептілігі және қызметін бағалау

12.1 Өндірістік қауіпсіздік саласындағы Мердігердің/қосалқы мердігердің қызметін бағалау және есептілік тәртібі белгіленген ҰАК СТ 5.0.1-2024 (7.2-бөлім) және ЕҚ жӨҚ 18 24 нұсқаулығына сәйкес болуы тиіс.

(Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

12.2 Үй-жайында немесе аумағында мердігерлік жұмыстар/көрсетілетін қызметтер жүргізілген ЖТБ басшысы пайдалануға беру Актісіне (орындалған жұмыстар актісіне) қол қойылғаннан соң және шарт бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде ӨҚБ БК «Мердігерлер» «Мердігерлік ұйым қызметінің бағалау парағы» қойындысында (ҰАК СТ 5.0.1-2024 Б қосымшасы) және «Мердігерлік ұйымның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыны» (ҰАК СТ 5.0.1-2024 В қосымшасы) толтырады және тіркейді. «Мердігерлік ұйымдарды тексеру туралы мәліметтер» кестесін (Ж қосымшасы) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін толтырады және ӨҚДҚ-ға жібереді.

12.3 Мердігер есепті айдың келесі айының 1-күнінен кешіктірмей ШҰБ (Шартты ұстаушы – бөлімшенің) басшысына «Мердігерлік ұйымдардағы өндірістік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы мәліметтер» есебін жібереді (5.1 қараңыз). ШҰБ (егер ЖТББ болып табылмаса) 3 жұмыс күні ішінде алынған жауапты ЖТББ-ға жібереді.

Есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6-күнінен кешіктірмей ЖТББ басшысы ұсынылған есептер негізінде мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдардағы өндірістік қауіпсіздіктің жай-күйі және мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдарды тексеру туралы ақпаратты дайындайды және ӨҚДҚ-ға жібереді.

12.1-12.3 (Өзгертілген редакция, № 1 тексеріс)

12.4 ҰАК СТ 5.0.1-2024 (7.6-тармақ) және ЕҚ және ӨҚ 18 22 АЕ (5.3-тармақ) нұсқаулығына сәйкес Мердігерлер/қосалқы мердігерлер қызметінің нәтижелері бойынша ақпарат есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік қауіпсіздік Департаментіне ӨҚДҚ жіберілетін тоқсан сайынғы есепке енгізіледі.

12.5 Мердігерлер/қосалқы мердігер жұмыс істейтін бөлімшелердің ЕҚ және ҚОҚ мамандары мердігер персоналының өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауы бойынша аптасына кемінде бір рет тексерулер жүргізеді. Тексеру нәтижелері бойынша И қосымшада келтірілген нысан бойынша акт жасалады және оны күнтізбелік 5 күн ішінде ӨҚБ БК («Мердігерлер» қойындысы) тіркейді және оның электрондық нұсқасын бекітеді.

Егер тексеру кезінде Мердігердің/қосалқы мердігердің персоналы болмаған жағдайда, тексеру жүргізу фактісі ӨҚБ БК-де («Мердігерлік ұйымдар», «Тексерулер» қойындысы) тіркеледі, бұл ретте «Есеп» жолағына «Мердігердің болмауы» деп жазылады.

12.3-12.5 (Өзгертілген редакция, № 2 тексеріс)

12.6 Мердігер персоналының өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауы бойынша тексерулер орындалатын жұмыстардың ӨҚЖЕҚБ БК № 14.024 және ҰАК СТ 5.0.6-2023 (1.2 тармақ) көрсетілген түрлері бойынша жүргізіледі.

12.7 Келесілерді орындайтын Мердігерлерді тексеруді жүзеге асырмауға жол беріледі:

- осы стандарттың 7.4 сәйкес жұмыстар;

Мәртебесі <u>қолданыстағы</u>	08.04.2026 бастап	Тексеру № 2	СТ 28.0021-24	30-дан 30-бет
--	------------------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------

- өндірістік объектілерді жобалау, апаттарды, төтенше жағдайларды оқшаулау және жою, өрттерді сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары бойынша жұмыстар;
- бір реттік (қысқа мерзімді) жұмыстар.

13 Орындалған жұмыстарды қабылдау тәртібі

Орындалған жұмыстарды қабылдау тәртібі жүргізілген жұмыс түрімен анықталады (ҚМЖ, жобалау-ізвестіру жұмыстары, ғимараттар мен құрылыстарды тексеру және т.б.):

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына сәйкес;
- шарттың талаптарына сәйкес;
- «Объектілерді пайдалануға қабылдау тәртібі» СТ 28.0011 сәйкес;

13-бөлім (Өзгертілген редакция, № 1, 2 тексеріс)

